

мәселелер бойынша ортақ мүдделер тұрғысынан өзара әрекеттестік деңгейін жалғастырмақ;

Үшіншіден, ЕО мен Жапония Еуропа аймағындағы және Корей шығанағындағы жағдайлар мен өзгерістерге біріге әрекет ету мақсатында саяси әрекеттестігін тереңдетпек;

Төртіншіден, екі тарап ынтымақтастығы тек осы аймақтармен ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия сияқты стратегиялық тұрғыдан маңызды аймақтарда АҚШ-тың жетекшілігімен бірлесе әрекет етуге ұмтылады.

1. Япония и ЕС: отношения на рубеже XX–XXI веков // www.japantoday.ru/arch/jurnal/0106/08.shtml

2. The institutional mechanisms of the EU-Japan relationship // http://ec.europa.eu/external_relations

3. Joint Declaration on Relations Between the European

Community and its member states and Japan (July 1991) // www.mofa.go.jp

4. Shaping our common future. An Action Plan for EU-Japan cooperation // www.mofa.go.jp

5. EU and Japan: Global Partnership for the XXI century // www.mofa.jp

6. The main areas for cooperation // www.eu.int

7. Diplomatic Bluebook of Japan 2006 // www.mofa.go.jp

8. EU-Japan economic & trade relations // www.eu.int

* * *

В данной статье рассматриваются отношения Японии и стран Европейского Союза. Автор изучает не только основную договорную базу этих отношений, но и рассматривает эволюцию развития двусторонних отношений в различных сферах.

* * *

This article is devoted to the relations of Japan with the countries of European Union. The author considered the legal basis of their relationship and also the main spheres of bilateral cooperation.

Д. Қ. Жекенов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен тең дәрежелі, тату әрі достық өзара тиімді қатынастарды нығайтуға, жан-жақты дамытуға тиіс. Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас – Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты бағыттардың бірі. Территориялардың шекаралас болуы, сондай-ақ күшті шығыс көршінің үлкен экономикалық мүмкіндігі мен оның халықаралық сахнадағы, соның ішінде Азия кеңістігіндегі салмағы бұл аймақтағы егеменді республикалардың Қытаймен тұрақты достық қатынастарда болу керектігін анықтайды және бұл қарым-қатынастар теңдік, өзара мүдделілік пен мемлекеттердің ішкі істері мен жағдайларына қол сұқпаушылық ұстанымдарына негізделіп орнатылуы керек.

Джордж Сорос 2008 жылғы қазанда: «Американың ықпалы азаяды. Ол қазірдің өзінде азая бастады. Соңғы 25 жылда бізде ағымдағы операциялар бойынша қашанда баланс тапшылығы байқалып келді. Қытайлықтар мен мұнай өндіруші мемлекеттер, керісінше, профицитпен істес болатын. Біздің тұтынатынымыз өндіретімізден асып кеткен еді. Біз қарыз жинап жатқанда олар үнем жасап, байлық жинап жатты. Қытайлықтар біраз уақыттан кейін әлемнің басым бөлігіне ие болады, өйткені олар

өздерінің долларлық резервтері мен АҚШ-тағы салымдарын нағыз активке айналдыра алды. Мұның өзі күштердің арасалмағын өзгертеді. Салмақтың Азия жаққа аууы Америка соңғы 25 жылда жасап келген қателіктің салдарынан болады» [1], – деген еді.

Қазақстан Республикасының ҚХР-мен достық қарым-қатынастары тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастық негізінде тұрақты дамып келеді. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты жолдауында: «Еліміздің сыртқы саяси басымдықтары қатарында ҚХР-мен ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Екі мемлекет басшыларының саяси көрегендігі мен ортақ күш-жігерінің арқасында мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық дерлік саласы қарқынды дамып келеді» [2], – деген болатын.

ҚР мен ҚХР арасындағы байланыстар дамуының шынайы алғышарттары ретінде тарихи дамуының бір-біріне байланыстылығын, ортақтығын, географиялық жақындық пен ортақ шекара белдеуінің ұзақтығын, геосаяси фактор мен экономикалық дамудағы жоспарлардың ұқсастығын және Ресей Федерациясының Орта Азия аумағындағы ықпалын азайту тәрізді

факторларды айтуға болады. Дегенмен бұл факторлардың екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастар үшін ылғи тек жақсы әсер ете бермейтіндігін атап өту керек.

Орта Азия аумағын қытай ежелден-ақ шығыс пен батыстың сауда-саттық байланыстарын орнатуға ыңғайлы көпір ретінде көріп келеді. Кезінде бұл «Ұлы Жібек жолы» ретінде көрініс берсе, бүгінгі күні «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жоспарларымен іске асырылуда. Бұл жобалар екі мемлекет үшін де тиімді болып отыр.

Географиялық жақындық пен ортақ шекара белдеуінің ұзақтығы да екі ел қатынасында екі жақты із қалдыруда. Экономикалық тығыз қатынастың жылдам әрі қарқынды дамуына оң әсер етсе, ҚХР тарапынан болып отырған үздіксіз миграциялық толқындар қазақстандық тараптың алаңдатушылығын тудырып отыр. Бейресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы заңсыз жүрген қытайлықтардың саны жарты миллионнан асып жығылады.

Экономикалық дамудағы жоспарлардың ұқсастығы мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынасқа жағымды әсер етіп отырғандығы сөзсіз. Дегенмен бүгінгі күнге дейін экономикалық қатынастардағы пайданың көбін қытай тарапы көріп отыр.

Геосаяси факторға келсек, ресейлік сарапшылардың мәлімдеуінше, Қазақстан Қытай мен Ресей арасындағы стратегиялық кеңістікті алып жатыр. Қазақстан тарапы осы екі державаның қайсысын ашық қолдаса, бұл аймақтағы салмақ сол державаның ықпалында қалмақ. Ал геосаяси тепе-теңдіктің бұзылуы аймаққа өте үлкен қауіп төндірмек. Сондықтан Қазақстанның Қытай мен Ресей арасындағы тепе-теңдікті жаңылмай сақтап отыруы аса маңызды.

Әрине, аймақтағы негізгі серіктес Ресей Федерациясы болып қала береді. Дегенмен Қазақстан тарапы тағы да РФ ықпалында қалу ықтималдығынан сақтанып, белсенді түрде басқа көршілермен тығыз қарым-қатынастар орнатуда.

Осындай факторлардың әсерінен Қытай мен Қазақстан арасындағы байланыстар тығыз даму жолында.

ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастар Қазақстан тәуелсіздігін алмай тұрып, 1991 жылы желтоқсан айында қытай үкіметтік өкілдерінің Қазақстанға келуімен басталды.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы алғашқы ресми дипло-

матиялық қатынастар 1992 жылдың 3 қаңтарында орнатылып, Қазақстан мен Қытай екі жақты қарым-қатынастардың құқықтық базасын құру мақсатында нақты дипломатиялық іс-қимылдар жасады.

Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшісі И.Адырбекұлы өз міндеттерін 2007 жылдың сәуірінен бастап орындауда. Ал Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Елшісі Чжоу Ли 2010 жылдың мамырынан бері қызмет етуде.

1992 жылы ақпанда Премьер-министр С. Терещенко ҚХР-ға ресми сапармен барды. Келіссөздер нәтижесінде Пекинде бірқатар құжаттарға қол қойылды. Соның ішінен төменгілерін бөліп көрсетуге болады:

– Сауда-экономикалық және ғылыми техникалық ынтымақтастық жөнінде үкіметаралық комиссияны құру жөніндегі келісім;

– Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін ашу туралы келісім (Қорғас (Қазақстан) - Хоргос (ҚХР), Достық (Қазақстан) – Алашань-коу (ҚХР), Бақты (ҚР) - Бахты (ҚХР) [3].

1992 жылы екі елдің сыртқы істер министрлері өзара іс-сапарлармен алмасты. Тиісті келіссөздер қорытындысы ретінде Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге тамызда қол қойылды (1994 жылғы 18 тамызда бекітілгеннен кейін күшіне енді). Тараптар өзара инвестициялардың шарттары, принциптері, режимі және туындайтын дауларды шешудің тәртібі туралы уағдаласты.

Қазақстан 1990 жылдардың басында-ақ Қытайдың негізгі Орталық Азиялық әріптесіне айналды. 1993 жылы қазанда ҚР Президенті Н. Назарбаев ҚХР-ға ресми сапармен барды, сапар барысында достық негіздері туралы бірлескен декларацияға қол қойылды.

1990 жылдардың ортасынан бастап екі ел арасындағы сауда-саттықтың тұрақты өсуі басталды. 2000 жылы екі мемлекет арасындағы сауда-саттық аұқымы 1,2 млрд доллардан асты (бүгінгі күні ҚХР кеден статистикасына сәйкес – 20,4 млрд долл. құрап отыр). Қазақстан осы көрсеткіш бойынша ТМД елдерінің ішінде Ресейден кейін екінші орынға шығып, қытайдың маңызды сауда серіктесіне айналды.

Қытайда Пекин қаласында орналасқан ҚР Елшілігінен басқа (1992 ж. желтоқсаннан бері), Шанхай (2003 ж. тамызынан бері) мен Гонконг (2005 ж. мамырынан бері) қалаларында ҚР Бас консулдықтары, ал Үрімші қаласында Төлқұжат визалық қызметі (1995 ж. мамырынан, консулдық мекеменің мәртебесі жоқ) жұмыс атқаруда.

Астана қаласындағы ҚХР Елшілігінен басқа Алматы қаласында 2007 жылдың тамыз айынан бастап ресми түрде ҚХР Бас консулдығы жұмыс атқаруда.

Қазіргі заманғы Қазақстан мен Қытай қатынастары екі елдің қол жеткізген келісімдерін жүйелі түрде жүзеге асырумен ерекшеленеді. ҚР мен ҚХР арасындағы стратегиялық әріптестіктің ұзақ мерзімді әрі тұрақты дамуын Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларация (2005 жылғы 4 шілде), Тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шарт (2002 жылғы 23 желтоқсан), Қазақстан-Қытай Ынтымақтастық комитеті (2004 жылғы 2 шілдеде құрылған), ХХІ ғасырдағы Стратегиялық ынтымақтастық (2006 жылғы 20 желтоқсан) және экономикалық ынтымақтастық даму тұжырымдамасы (2006 жылғы 20 желтоқсан) қамтамасыз етуде.

Бүгінгі таңда жиналған ынтымақтастық тәжірибенің арқасында екі елдің қатынастары әрі қарай даму қарқынын көрсетуде. Бұл тұрғыда екі ел арасында қалыптасқан ең жоғарғы және жоғарғы деңгейдегі байланыстар қатынастарды дамытуда өте маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға: 1993 жылғы 18-21 қазанда ресми сапар; 1995 жылғы 11-13 қыркүйекте мемлекеттік сапар; 1999 жылғы 23-27 қарашада мемлекеттік сапар; 2002 жылғы 22-25 желтоқсанда мемлекеттік сапар; 2004 жылғы 16-19 мамырда мемлекеттік сапар; 2004 жылғы 24-25 қыркүйекте жұмыс сапары; 2006 жылғы 19-22 желтоқсанда мемлекеттік сапар; 2008 жылғы 7-10 тамызда 29-шы жазғы Олимпиада ойындарының ашылу рәсіміне қатысу шеңберіндегі жұмыс сапары; 2009 жылғы 15-19 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы Азиялық Боао форумына қатысуымен ұштасқан Қытайға сапарлары өткізілді.

2011 жылғы 21-23 ақпанда ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары өтті. Сапар барысында Елбасы ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен келіссөздер жүргізіп, Бүкілқытайлық халық өкілдері құрылтайының Тұрақты комитетінің Төрағасы У Банго және ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябаомен кездесулер өткізді.

Қытай тарапының ең жоғарғы деңгейдегі: 1996 жылғы 4-6 шілде – ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің мемлекеттік сапары; 1998 ж. 4 шілде – ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің жұмыс сапары; 2000 жылғы 27-30 шілде – ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің ресми сапары; 2003 жылғы 2-4 шілде

– ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның мемлекеттік сапары; 2005 жылғы 3-4 шілде – ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның мемлекеттік сапары; 2007 жылғы 17-18 тамызында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға мемлекеттік сапары; 2009 жылғы 12-13 желтоқсанда ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға жұмыс сапарлары өтті [4].

2010 жылғы 11-12 шілдеде ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға мемлекеттік сапары өтті. Келіссөздердің қорытындылары бойынша энергетика, экономиканың шикізат емес салаларындағы ынтымақтастық жайындағы бірқатар үкіметаралық және мекемеаралық ынтымақтастық жөніндегі құжаттарға қол қойылды.

Ел басшылары 2005 жылғы 3-4 шілдедегі ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға мемлекеттік сапары барысында «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы» бірлескен декларацияға қол қойып, оны құқықтық тұрғыда бекітті. Қазақстан мен Қытай арасындағы шешілуі тиісті мәселелер реттелді. Оның ішінде бірінші орында шекара туралы келісім бар.

Бейбітшілік, қауіпсіздік және ынтымақтастықты ілгерілету үшін жоғары деңгейде өзара сапарлар мен саяси кеңесулерді тұрақты өткізу дәстүрге айналды. Екі мемлекет арасында саяси, экономикалық, әскери және мәдени-гуманитарлық салаларда қарым-қатынас берік орныққан.

Мемлекет басшылары қол қойған декларациялар мен келісімшарттар Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының жан-жақты және қауырт дамуына негіз қалады. Оның ішінде Қазақстан мен Қытай арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісімді атап өткен жөн. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға бірінші сапары барысында екі елдің бірігіп дамуының басты бағыттары белгіленген ҚР мен ҚХР ынтымақтастығының 2003-2008 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды [5].

Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 1994 жылғы 26 сәуірдегі келісімі; Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы 1997 жылғы 24 қыркүйектегі қосымша келісімі; Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы 1998 жылғы 4 шілдедегі қосымша келісімі; Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және

Ресей Федерациясы арасындағы Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесін айқындау туралы 1999 жылғы 5 мамырдағы келісімі; Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Қырғыз Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы 1999 жылғы 25 тамыздағы келісімдері арқылы Қазақстан мен Қытай шекара мәселесі бүгінгі күні толықтай шешілді.

2002 жылы 9-12 мамырда ҚР Мемлекеттік хатшысының Қытайға сапары барысында Мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы хаттамаға қол қойылып, екі ел арасындағы мемлекеттік шекара заңды түрде рәсімделді. Отандық дипломатияның бұл іргелі табысы – Қазақстан тәуелсіздігі мен ұлттық мүддесін қорғау, халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге және есірткі тасымалына қарсы күрестің тиімділігін арттыруды сөзсіз қамтамасыз ететін болады.

2008 жылғы қаңтардың 24-інде түстен кейін ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті. Кездесу достық және толық өзара түсіністік рухында өтті. Парламент Сенатының спикері Қ.Тоқаев алдағы жыл барлық жақтан алғанда өте маңызды болатынын атап өтті. Қазақстан мен Қытай аса маңызды келісімдерге қол қойды. Енді олар сөзсіз жүзеге асуы тиіс. Қ.Тоқаев Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан Қытаймен аса серпінді ынтымақтастыққа ниетті және 2008 жыл оқиғаларға толық болады, әсіресе жайсыз жаһандық экономикалық үрдістер аясында Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының дамуы екпінді болады деген сөздерін жеткізді. Қ.Тоқаев сондай-ақ Қазақстан екі ел арасындағы парламентаралық қарым-қатынастардың қарқынды дамуына аса мүдделі екендігін, біздің ел үшін Қытайдың реформаларды заңнамалық қамтамасыз ету тұрғысындағы тәжірибесінің маңызы зор екенін атап көрсетті. Ху Цзиньтао өз кезегінде, Сенаттың спикері Қ.Тоқаевтың екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастары дамуы мәселесі жөніндегі көзқарасына толығымен қосылатынын атап өтті. Ол Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар құрылуының 16 жылы ішінде екіжақты байланыстар терең әрі ойдағыдай дамып келе жатқандығына баса назар аударды. Атап айтқанда, ол 2007 жылдың тамыз айында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен Қазақстанда 4-ші рет болып қайтқанын айтып: «Біз Нұрсұлтан Назарбаевпен ынтымақтастықтың сапалы жаңа деңгейіне

шықтық» [6], - деп ерекше атап өтті. Сауда-экономикалық қарым-қатынастар үздіксіз дамып келеді. 2007 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 14 миллиардтан астам долларды құрады. Бұл 2006 жылмен салыстырғанда 60 пайызға көп. Осылайша, 2007 жылдың өзінде 2010 жылға белгіленген 10 миллиард доллар көлеміндегі тауар айналымының жоспарлы деңгейі едәуір асыра орындалды. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы да ынтымақтастық жандана түсуде. БҰҰ, ШЫҰ және АӨСШК сияқты халықаралық және өңірлік құрылымдарда тараптар өз ұстанымын тұрақты үйлестіріп отырады. Ху Цзиньтао Қытай Қазақстанмен ынтымақтастыққа баса назар аударатындығын, оны өз елінің сыртқы саясаты басымдықтарының бірі ретінде қарастыратындығын тағы да атап көрсетті. ҚХР Төрағасы: «Біз барлық салада ынтымақтастық қатынастарымыздың деңгейін жаңа белеске шығару үшін достық пен өзара сенімді тереңдетуге бар күш-жігерімізді салуға дайынбыз. Бұл орайда орасан зор әлеует бар. Екі ел тұтастай бірқатар жобаларды, әсіресе экономикалық ресурстар мен шикізаттық емес секторлар саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруды бірлесе жүргізуі тиіс», - деп атап көрсетті [7].

Екі елдің сыртқы саясат мекемелері арасындағы ынтымақтастық қатынастары да қарқынды дамуда. Қазақстан тарапының үкімет басшылары деңгейіндегі сапарлары: 1992 жылғы 24-28 ақпан – ҚР Премьер-министрі С.Терещенконың сапары; 1998 жылғы 7-12 мамыр – ҚР Премьер-министрі Н.Балғымбаевтың ресми сапары; 2004 жылғы 22-26 желтоқсан – ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Н.Абықаевтың сапары; 2007 ж. 17-18 наурыз – ҚР Премьер-министрі К.Мәсімовтің жұмыс сапары; 2008 жылғы 9-12 сәуірде ҚР Премьер-министрі К.Мәсімовтің кезекті Азиялық Боао форумына қатысумен ұштастырылған ҚХР-ға ресми сапары өтті; 2009 жылғы 22-24 қарашада ҚР Премьер-министрі К.Мәсімовтің Сянган (Гонконг) Арнайы әкімшілік ауданына жұмыс сапары өтті; 2010 жылғы 29-30 сәуірде ҚР Премьер-министрі К.Мәсімов Шанхайға сапар шегіп, «ЭКСПО-2010» дүниежүзілік көрмесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты және ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесу өткізген болатын; 2010 жылғы 15 қыркүйекте ҚР Премьер-министрі К.Мәсімов «Қорғас» Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында жұмыс сапармен болды; 2010 жылғы 14 қазанда ҚР Премьер-министрі К.Мәсімовтің Сянган (Гонконг) Арнайы әкімшілік ауданына жұмыс сапары өтті.

Қытай тарапының жоғарғы деңгейдегі сапарлары: 1994 жылғы 25-28 сәуір – ҚХР Мемлекет кеңесінің Премьері Ли Пеннің ресми сапары; 1997 жылғы 24-25 қыркүйек – ҚХР Мемлекет кеңесінің Премьері Ли Пеннің сапары; 2001 жылғы 13-15 қыркүйек – ҚХР Мемлекет кеңесінің Премьері Чжу Жунцидің ресми сапары; 2002 жылғы 8-9 сәуір – Қытай халықтық саяси консультативтік кеңес төрағасының орынбасары Ван Вэннің екінші Еуразиялық экономикалық саммитке қатысу шеңберіндегі Алматыға сапары; 2006 жылғы 9-12 қаңтар – ҚХР Төрағасының орынбасары Цзэн Цинхуаның ҚР Президенті Н.Назарбаевтың иногурациясына қатысуы [8].

2008 жылғы 29-31 қазанда ҚХР Мемлекет кеңесінің Премьері Вэн Цзябао Астанада ұйымдастырылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Үкімет басшылары кеңесіне қатысу шеңберінде Қазақстанға алғаш сапарын өткізді. Сапар барысында тараптар бірқатар екіжақты құжаттарға қол қоюмен бірге, екі елдің үкімет басшылары Біріккен коммюнике қабылдады.

ҚР Парламенті мен Бүкілқытай халық өкілдері құрылтайы (БХӨҚ) арасындағы қатынастар да нығаюда. 2007 жылғы 10-13 қыркүйегінде БХӨҚ Тұрақты комитет төрағасының орынбасары Хэ Лули Қазақстанға сапарын жасады.

2008 жылғы 24-25 шілдеде ҚХР Сыртқы істер министрі Ян Цзечи Қазақстанға ресми сапарымен келіп, сапар нәтижесінде ҚР Сыртқы істер министрлігі мен ҚХР Сыртқы істер министрлігі арасында 2008-2010 жылдардағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

2009 жылғы 29-30 наурызда ҚХР Сыртқы істер министрі Ян Цзечинің шақыруымен ҚР Сыртқы істер министрі М.Тәжин Пекинге ресми сапарын жасады. Сапар барысында қытай сыртқы саясат мекемесінің басшысымен кеңейтілген және ықшамдалған құрамдағы келіссөздер жүргізіліп, ҚХР Төрағасының орынбасары Си Цзиньпинмен кездесуі өтті. Қазақстан мен Қытай қатынастарының достық сипатын атап өте отырып, М.Тәжин Бейжіңде өткен жылы болған Олимпиаданың деңгейін жоғары бағалады және оны даярлау мен өткізуде Си Цзиньпиннің айрықша ролін атап көрсетті. Ол сондай-ақ ҚХР 2009 жылы аталып өтілетін өзінің құрылғанына 60 жыл толуына және реформа бағытының 30 жылдығына әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуында тамаша нәтижелермен келіп отырғанын атап өтті. ҚХР төрағасының орынбасары өз тарапынан Қытай мен Қазақстан стратегиялық әріптестер және жақын көршілер екенін айтты. Дипломатиялық

қатынастар орнатылғаннан бергі 17 жыл ішінде Қазақстан-Қытай байланыстары барлық салада ілгерілеп дамып келеді. Екі ел арасындағы қатынастар саясаттағы өзара сенім мен экономикадағы өзара тиімділіктің жоғары деңгейімен, мәдениет саласында өзара бірін-бірі толықтырумен, сондай-ақ халықаралық істерде өзара ойдағыдай іс-қимылмен сипатталады. Қытай тарапы атынан Си Цзиньпин Қазақстанның тайвань және тибет мәселелерінде Қытайға үнемі барынша қолдау көрсетіп келе жатқанын жоғары бағалады. Қытай басшысы: «Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестігін одан әрі дамыту біздің елдеріміздің ғана емес, тұтастай алғанда аймақтағы тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз ету ісіне жәрдемдеседі» [9], - деп атап көрсетті.

Екі елдің бұл саладағы қатынастарының маңызды оқиғасының бірі 2008 жылғы 23-28 қаңтардағы ҚР Парламент Сенатының Төрағасы Қ.Тоқаевтың Қытайға жасаған сапары болып табылады. Сапар барысында Қ.Тоқаев ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао мен БХӨҚ Тұрақты комитетінің төрағасы У Бангомен кездесіп, Қазақстан-Қытай қатынастарының қазіргі ахуалы мен болашағы туралы пікір алысты.

2010 жылғы 21 шілдеде Парламент төрағаларының бүкіләлемдік үшінші конференциясының шеңберінде ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қ.Тоқаевтың БХӨҚ Тұрақты комитетінің Төрағасы У Бангомен кездесуі өтті.

2010 жылғы 9-11 қарашада ҚХР Халықтық саяси консультативтік кеңесінің Бүкілқытайлық комитетінің Төрағасы Цзя Цинлиньнің Қазақстанға сапары өтті.

Екі елдің сыртқы саясат мекемелері арасындағы ынтымақтастық қатынастары да қарқынды дамуда. 2010 жылғы 22-24 ақпанда ҚР Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қ.Саудабаев ҚХР-ға сапар шекті.

2010 жылғы 27-29 желтоқсанда ҚХР Сыртқы істер министрі Ян Цзечи Қазақстанға ресми сапармен келіп, сапар нәтижесінде ҚР Сыртқы істер министрлігі мен ҚХР Сыртқы істер министрлігі арасында 2011-2013 жылдардағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Қазақстан мен Қытай арасында Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде берік байланыстар орнатылған. Қытай Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары бойынша кеңесті шақыру процесін қолдайды. Сонымен қатар Пекин Астанамен Әлем және дәстүрлі діндер жетекшілері съезінің шеңберінде де өзара әрекет жасайды.

2008 жылғы 16 қазанда Астанада өткен Азиядағы ынтымақтастық диалогінің 7-ші Сыртқы істер министрлері кеңесулерінің жұмысында ҚХР Сыртқы істер министрінің орынбасары Чжай Цзюнь бастаған қытай делегациясы қатысты.

Қазіргі кезде Қазақстан ҚХР-дың сыртқы саудасында өзара тауар айналымының көлемі жағынан Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері ішінде Ресейден кейінгі екінші орынды берік ұстауда. 2008 жылда екіжақты тауарлар айналымы 12,24 млрд долларды құрса, 2009 жылдың қаңтар-тамыз айларында 6,02 млрд долл. (экспорт 3,435 млрд долл., импорт 2,585 млрд долл.) құрады.

Қолданысқа енгізілген Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры маңызды стратегиялық мағынаға ие, бұл желіс Қазақстанға мұнай экспортының бағыттарын әртараптандыруға мүмкіндік туғызумен қатар, ҚР-дың транзиттік әлеуетін де толығырақ пайдалануға жол ашады.

Бүгінгі таңда екі ел арасындағы ынтымақтастық жаңа сапалы белеске көтеріліп, шикізаттан тыс салалардағы серіктестікке бағыт алуда. Осыған байланысты 2007 жылы тараптар Экономиканың шикізат емес салаларындағы ынтымақтастық бағдарламасына қол қойды. Аталған құжат екіжақты тауарлар айналымын тиімді әртараптандыру мақсатында ынтымақтастықты дамытуды қарастырады. Бұған қосымша 2008 жылдың сәуірінде ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы шикізат емес салалардағы ынтымақтастық бағдарламасының іс-шаралар жобасы қабылданды.

Аймақтық қана емес халықаралық қатынастардағы әлемдік мәселелерді реттеуге әсер ететін биік мақсаттарды орындау жолында ҚХР мен ҚР сенімді серіктес ретінде бірін-бірі жалғастырушы, толықтырушы мемлекеттерге айналып отыр. Соңғы жылдардағы екі мемлекет басшыларының жиі-жиі кездесулерінің өзі айтылған ойдың нақты дәлелі. 2011 жылы 21-23 ақпан аралығындағы ҚР Президентінің ҚХР-ға жасаған мемлекеттік сапары екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастарды жаңа деңгейге көтерді. Қазақстан Республикасы үшін аса маңызды құжаттарға қол қойылды. Атап айтар болсақ:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендер суының сапасын қорғау туралы келісім.

2. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт.

3. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы «Астана-Алматы» жоғары жылдамдықты темір жолының құрылысы саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

4. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен «Қытай мемлекеттік даму банкі» АҚ арасындағы 1,660 млрд АҚШ доллары көлеміндегі несиелік келісімі.

5. «Қазақстанның даму банкі» акционерлік қоғамы мен Қытай экспорттық-импорттық банкі арасындағы №MFA0901 отын-энергетика саласындағы ынтымақтастыққа арналған 5 млрд АҚШ доллары көлеміндегі несиелік қарыз туралы негіздемелік келісім шенберінде КРІ «интегралдандырылған газ және химиялық кешенін соғу – бірінші фазасы» жобасына арналған жеке несиелік келісім.

6. «Өріктау» жобасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы арасындағы ынтымақтастықтың қағидаттары туралы келісім.

7. «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Sinochem Group» қытай химиялық корпорациясы арасындағы стратегиялық ынтымақтастық бойынша негіздемелік келісім.

8. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы мен Қытай Гуандун ядролық-энергетикалық корпорациясы арасындағы индустриалдық инвестициялық қорға қатысу жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум.

9. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы өтеусіз әскери көмек көрсету туралы келісім.

10. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқаты қоры» АҚ мен «Қытай мемлекеттік даму банкі» АҚ арасындағы 400 млн АҚШ доллары көлеміндегі несиелік келісімі.

11. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқаты қоры» АҚ мен China International Capital Corporation Ltd. арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

12. «Қазатомөнеркәсіп Ұлттық атом компаниясы» АҚ мен Қытай мемлекеттік ядролық корпорациясы арасындағы 25 мың тонна уранды Қазақстаннан Қытайға жеткізу туралы келісім.

Сонымен қатар мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың белсенді дамуы арқасында екі ел жоғары оқу орындары арасында тікелей ынтымақтастық орнатылды. Үкіметаралық келісімдердің негізінде студенттер алмасу

дәстүрге айналды. Қазір Қытайда 500-ден астам қазақстандық студент білім алуда. Оның ішінде “Болашақ” бағдарламасы бойынша жіберілгендер де бар.

Қазақстан Республикасында да мыңдаған қытай азаматтары мемлекет аралық келісім негізінде тегін және өз қалауларымен ақылы бөлімдерде білім алуда. Алматы және Астана қалаларындағы Конфуций институттары арқылы қазақстандықтар қытай мәдениетімен, тілі және дәстүрімен жақын танысуға мол мүмкіншілік алып отыр.

Екі ел арасында стратегиялық әріптестіктің орнауы тараптардың қарым-қатынасын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Ендігі жерде Қазақстан-Қытай қатынастары одан да әрі кең көлемде дами беретіндігі сөзсіз. Өйткені екі ел арасындағы өзара мүдделілік мәңгі сақталады.

1. Баударбек-Қожатаев Е. Мүдделестік // Егемен Қазақстан. - №120-121 (23128). - 22 сәуір 2008 ж.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы. 07.02.2010 ж. // www.osce2010.kz/kk/node/100

3. Қазақстан мен Қытай қатынастары саясаттағы өзара сенім мен экономикадағы өзара тиімділіктің жоғары деңгейімен сипатталады. 30.03.2009 ж. // <http://kazinform.kz/kaz/article/1227037>

4. Қазақстан Республикасының СІМ ресми сайты www.mfa.kz.

5. Келимбетов К. Казахстан и Китай видят себя долгосрочными стратегическими партнерами. 21.06.2010 ж. // «Жэньминь жибао», <http://russian.people.com>.

6. Чуланова З.К. Стратегическое партнерство Казахстана и Китая в энергетической сфере. 14.01.2009 ж. // www.easttime.ru/analytic/2/3/557.html

7. Баударбек-Қожатаев Е. Мүдделестік // Егемен Қазақстан. № 120-121 (23128) 22 сәуір сейсенбі 2008 жыл

8. Қазақстан Республикасының СІМ ресми сайты www.mfa.kz.

9. Чуланова З.К. Стратегическое партнерство Казахстана и Китая в энергетической сфере. 14.01.2009 ж. // www.easttime.ru/analytic/2/3/557.html.

10. Абдрахманов С. Көршісі дұрыстың көңілі тыныш. // Егемен Қазақстан.- № 123-124 (25096) 29 сәуір сәрсенбі 2009 жыл.

11. Глава МИД Китая о результатах визитов Ху Цзиньтао в Казахстан и Туркменстан. 15.12.2009 ж. // Синьва агенттігі, www.xinhuanet.com

12. Ян Цзечи. Об итогах поездки Ху Цзиньтао в Центральную Азию. 3.06.2010 ж. // Синьва агенттігі, www.xinhuanet.com.

В статье рассматривается образование дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой и их развитие до настоящего времени. Указываются предпосылки и причины установления дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой. В статье имеется важная информация относительно казахско-китайских отношений.

The article deals with the establishment of diplomatic relations between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China and its development till present time. The author indicates prerequisites and reasons of establishment of diplomatic relations between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China. The article contains important information on Kazakh-Chinese relations.

Е. С. Талдаева

КАЗАХСТАНСКО-ГЕРМАНСКОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Казахстан и Германия развивают все более крепкие взаимовыгодные связи, обладающие большим потенциалом. За весь период сотрудничества германские компании вложили в казахстанскую экономику более 3,5 млрд. долларов США [1].

Экономическая составляющая превалирует во внешнеполитической деятельности Казахстана. С середины 90-х годов проводится все более «экономизированная» политика, направленная на привлечение и развитие инвестиций и на развитие торгово-экономических связей. Казахстан в силу своего ресурсного потенциала

максимально приближен к геоэкономическим реалиям современного мира [2].

Опыт двусторонних отношений показывает, что Германия – это надежный торговый партнер и стабильный инвестор. Так 3 февраля 2009 г. в рамках визита Президента РК Н. Назарбаева в ФРГ был проведен казахстанско-германский бизнес-форум с участием Главы Государства, в ходе которого были подписаны коммерческие соглашения в области торговли, промышленности с ведущими представителями германской экономики.

Значительный резонанс в деловых кругах и